

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ  
МИНИСТРЛІГІ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ  
ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**

20 14 ж. « 31 » 12 жүргізілді

БСН 141240027683

«ҚКФЛ» Қауымдастығы» ЗТБ  
2023 жылдың 12 шілде  
Жалпы жиналысының № 50 хаттамасымен  
БЕКІТІЛГЕН

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ  
МИНИСТРЛІГІ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ  
ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР  
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

20 23 ж. « 01 » 08 жүргізілді

БСН 141240027683

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 31.12 ЖЫЛ 2014

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӘСІПҚОЙ ФУТБОЛ ЛИГАСЫ» ҚАУЫМДАСТЫҒЫ»  
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР БІРЛЕСТІГІНІҢ  
ЖАРҒЫСЫ  
(жаңа редакция)**

Астана, 2023 ж.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және «Қазақстанның кәсіпқой футбол лигасы» Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігін (бұдан әрі осы жарғының мәтіні бойынша - ҚКФЛ) құрудың және оның әрекет етуінің ұйымдастырушылық және құқықтық негіздерін анықтайды.
2. ҚКФЛ ресми атауы:
  - 2.1. толық атауы:
    - 2.1.1. қазақ тілінде: «Қазақстанның кәсіпқой футбол лигасы» Қауымдастығы» Заңды тұлғалардың бірлестігі;
    - 2.1.2. орыс тілінде: Объединение юридических лиц «Ассоциация «Профессиональная футбольная лига Казахстана»;
    - 2.1.3. ағылшын тілінде: Association of legal entities «Association «Professional Football League of Kazakhstan».
  - 2.2. қысқаша атауы:
    - 2.2.1. қазақ тілінде: «ҚКФЛ» Қауымдастығы» ЗТБ;
    - 2.2.2. орыс тілінде: ОЮЛ «Ассоциация «ПФЛК»;
    - 2.2.3. ағылшын тілінде: ALE «Association «PFLK».
3. ҚКФЛ орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Тұрғын үй алабы Ақ-Бұлақ-3, көшесі Асқар Тоқпанов, ғимарат 27, пошта индексі 010000.

## 2. ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

4. ҚКФЛ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады. ҚКФЛ өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алып, сондай-ақ «Қазақстанның футбол Федерациясы» Қауымдастығы» ЗТБ (бұдан әрі - ҚФФ), Халықаралық федерациясы футбол қауымдастықтарының (бұдан әрі - ФИФА), Еуропалық одағының футбол қауымдастықтарының (бұдан әрі - УЕФА) және Еуропалық футбол лигасының қауымдастықтарының (бұдан әрі - ЕЛ) актілермен реттеледі.
5. ҚКФЛ өз қызметін жариялылық, еркіндік, теңдік, демократия қағидалары негізінде жүзеге асыратын коммерциялық емес, тәуелсіз, өзін-өзі басқарушы ұйым болып табылады. ҚКФЛ саясат пен дін сұрақтарында бейтараптылық танытады. ҚКФЛ бастапқы мақсаты пайда табуды көздемейді. ҚКФЛ-ның қызметінен түскен барлық пайда жарғылық мақсаттарға жету үшін жұмсалады.
6. ҚКФЛ-ның қызметінде қандай болса да шыққан тегі бойынша, әлеуметтік, қызметтік және мүліктік жағдай-күйі, жынысы, нәсіл, ұлт, тіл, дінге қатынасы, қатал сенімі, тұрған жері немесе өзге де кез-келген жағдайлар бойынша кемсітуге жолберілмейді. Кез келген дискриминациялық факт ҚКФЛ мүшеден шығуына әкепсояды.
7. ҚКФЛ әрекет ету мерзімін шектеусіз құрылады.
8. ҚКФЛ ҚФФ-мен өзара қарым-қатынаста келесі принциптерді басшылыққа алады:
  - 8.1. Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитеті таныған жалғыз аккредиттелген республикалық спорт федерациясының футболдан жалғыз мүшесі болып табылатын, Қазақстан Республикасында футболды басқару бойынша ҚФФ өкілеттіктерін таниды;

- 8.2. ҚКФЛ қазақстандық футболды басқару саласына жататын ҚФФ шешімдерін орындайды;
- 8.3. ҚКФЛ мүшелерінің құқықтары мен міндеттеріне қатысты өкілеттіктерді ҚФФ, ФИФА мен УЕФА құжаттарының негізінде белгілей алады.

### **3. ҚКФЛ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

9. ҚКФЛ қызметінің мақсаттары кәсіпқой футболды Қазақстан Республикасының аймағында дамыту және насихаттау, сондай-ақ Қазақстандық кәсіби футболдың ұйымдастырушылық негіздерін жетілдіру болып табылады.
10. ҚКФЛ қызметінің мәні болып табылатындар:
- 10.1. ҚКФЛ мүшелерінің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау;
- 10.2. ҚКФЛ мүшелерінің біріккен іс-әрекеттерін үйлестіру;
- 10.3. қазақстандық футболдың халықаралық алаңдағы ұстанымын нығайту және абыройын жоғарылату;
- 10.4. ҚФФ бекіткен ойын регламенттеріне, күнтізбелеріне және өзге де ережелерге сәйкес ҚКФЛ мүшелері арасында жарыстарды ұйымдастыру және өткізу;
- 10.5. ҚФФ, ЕЛ және ұлттық кәсіпқой футбол қауымдастықтарымен достастық іскерлік байланыстарды қалыптастыру;
- 10.6. ҚФФ, ФИФА, УЕФА, және ЕЛ жарғыларының, регламенттерінің, ережелерінің, шешімдерінің талаптарын сақтау;
- 10.7. матчтар мен жарыстардың біртұтастылығын қатерге ұшырату мүмкіндігі туатын немесе футбол беделдігіне нұқсан келтіретін барлық әдістер мен тәсілдердің алдын алу;
- 10.8. футболда кемсітудің кез келген нысандарын және зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл танытуға;
- 10.9. футболдың жоғары мамандандырылған қызметкерлерін даярлау жүйесін құрып іске асыру және оны әрқашанда жетілдіру;
- 10.10. әр түрлі жастардың және балалар-бозбалалардың ұйымдарына физикалық салауатты жас ұрпақты тәрбиелеуге көмек көрсетуден жұмысты ұйымдастыру;
- 10.11. допингке қарсы талаптарын бұзбауды және Қазақстанның кәсіби футбол клубтарының арасында өткізілетін жарыстардың қауіпсіздік деңгейін арттыру;
- 10.12. ҚКФЛ мүшелері арасында өткізілетін жарыстардың регламенттеріне, ережелеріне және ойын күнтізбелеріне келісім алу және футбол субъектілерінің оларды сақтауын қамтамасыз ету;
- 10.13. Ойыншылардың, жаттықтырушылардың және ҚКФЛ мүшелері арасында өткізілетін жарыстарға қатысатын өзге де тұлғалардың шарттарын, трансферттік шарттарын (келісім-шарттарын), өтемақы төлемдері туралы шарттарын, сондай-ақ ҚКФЛ мүшелерінің өзге де өтінім құжаттамасын тіркеу;
- 10.14. футболды дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесін әзірлеу және талдап қорыту;
- 10.15. қазақстандық футболдың материалдық-техникалық базасын дамытуына жәрдемдесу;
- 10.16. футболды бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттауды жүзеге асыру;
- 10.17. футбол жанкүйерлерімен және олардың бірлестіктерімен жұмыс істеу шараларын өткізу;

- 10.18. футбол мәселелері бойынша тақырыбына әдістемелік, ақпараттық материалдарын әзірлеу және басып шығару;
  - 10.19. көрмелерді, семинарларды, конференцияларды және футболды түсіндіріп таратуға бағытталған өзге шараларды ұйымдастыру және өткізу;
  - 10.20. өткізілетін жарыстарды ҚФФ берген коммерциялық құқықтар шегінде жүзеге асыру;
  - 10.21. жарғылық мақсаттарға жетуге бағытталған қайырымдылық іс-әрекеті, демеушілік, гуманитарлық және техникалық көмек көрсету;
  - 10.22. футбол ардагерлерін әлеуметтік қолдау;
  - 10.23 жарғылық мақсаттарды орындауға бағытталған және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін әрекет жасау.
11. ҚКФЛ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің жарғылық мақсаттарына жету үшін кәсіпкерлік қызметімен тек оның жарғылық мақсаттарына сай келетіндей ғана айналыса алады. ҚКФЛ-ның кәсіпкерлік қызметінен алынатын табысы ҚКФЛ мүшелері арасында бөлісуге жатпайды және ол жарғылық мақсаттарына жұмсалады.

#### **4. ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕР**

12. Қазақстан Республикасының заңды актілерінде және осы жарғыда көзделген тәртіп бойынша ҚКФЛ өзінің тұрған жерінен тыс жерде заңды тұлғалар болып табылмайтын және ҚКФЛ атынан және оның тапсырмаларымен әрекет ететін филиалдар мен өкілдіктерді құруға және жабуға құқылы.
13. ҚКФЛ филиалдарының және өкілдіктерінің басшыларын Жалпы жиналыста Президент ұсынысымен қызметке тағайындалады және ҚКФЛ атынан және тапсырмасы бойынша осы жарғыға сәйкес, филиалдар мен өкілдіктер туралы ережелерін, ҚКФЛ-мен берілген сенімхаттар негізінде жүзеге асырады.

#### **5. ҚҰҚЫҚТАР ЖӘНЕ МІНДЕТТЕР**

14. ҚКФЛ және оның мүшелері адалдық қағидасын сақтап, қарсыласына адалдық және құрметпен қарауға әділ ойын қағидасын сақтайды.
15. ҚКФЛ құқылы:
  - 15.1. заңдарда белгіленген тәртіппен банктерде шоттар ашуға;
  - 15.2. қазақ және орыс тілдерінде ұйымның толық атауы бар мөрдi, мөртабаны және бланкілердi, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен тіркелген эмблеманы (нышанды) иемденуге;
  - 15.3. меншігінде оқшауланған мүлікті, сондай-ақ дербес балансты иемденуге;
  - 15.4. мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденуге және жүзеге асыруға;
  - 15.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа заңды тұлғаларды құруға, филиалдар мен өкілдіктерді ашуға;
  - 15.6. қауымдастықтар мен одақтарға, соның ішінде халықаралық қауымдастықтар мен одақтарға кіруге, сондай-ақ олардың қызметтеріне қатысуға;
  - 15.7. өз қызметі туралы ақпарат таратуға және өзінің жарғылық мақсаттарын насихаттауға;
  - 15.8. өзінің бұқаралық ақпарат құралдарын құруға;
  - 15.9. жарғыда көзделген мақсаттарды жүзеге асыру үшін қаражатты пайдалануға;
  - 15.10. сотта талап қоюшы және жауапкер болуға;

- 15.11. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.
16. ҚКФЛ міндетті:
  - 16.1. Қазақстан Республикасының заңнамасының және осы жарғының талаптарын сақтауға;
  - 16.2. заңда белгіленген тәртіппен салық пен бюджетке міндетті түрде төленетін басқа төлемдерді төлеуге;
  - 16.3. өзінің міндеттемелерін өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап беруге;
  - 16.4. Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапкершілікте болуға.

## **6. МҮШЕЛІК**

17. Заңды тұлға болып табылатын, Премьер-Лига клубтары арасында футболдан Қазақстан Республикасы Чемпионатына (бұдан әрі - Чемпионат), Бірінші Лига клубтары арасында футболдан Қазақстан Республикасы Біріншілігіне (бұдан әрі - 1-ші лиганың Біріншілігі) және Екінші Лига командалар арасында футболдан Қазақстан Республикасы Біріншілігіне (бұдан әрі – 2-ші лиганың Біріншілігі) қатысуға құқық алған кәсіпқой футбол клубтары Чемпионат, 1-ші және 2-ші лигаларының Біріншілігі регламенттеріне және ҚФФ уәкілетті органдарының шешімдеріне сәйкес, ҚКФЛ-ға мүше болуы мүмкін.
18. ҚКФЛ мүшелігі ҚКФЛ өткізетін жарыстарға кәсіпқой футбол клубының қатысуының міндетті шарты болып табылады.
19. ҚКФЛ мүшелері, ҚКФЛ жарғыда көзделген мақсаттарды мойындауға, Жалпы жиналысмен бекітілген мөлшерде және тәртіпте мүшелік жарналарды тұрақты өлеуге тиіс.
20. Бірде бір жеке, не заңды тұлғаның (олардың ішінде филиалдар мен өкілдіктердің) бақылауы бір кәсіпқой футбол клубынан аспауы қажет, егер мұндай жағдай матчтардың және/немесе жарыстардың тұрақтылығын немесе дұрыс ойын ұстанымын бұзатын болса.
21. ҚКФЛ өз мүшелерінің міндеттері бойынша жауап бермейді. ҚКФЛ мүшелері ҚКФЛ міндеттемелері бойынша жыл сайынғы бір мүшелік жарна мөлшерінде біріккен жауапкершілік көтереді. ҚКФЛ міндеттемелері ҚКФЛ-ға зиян келтірген ҚКФЛ мүшесінің іс-әрекеттерінің салдарынан туындаған жағдайда, осындай ҚКФЛ мүшесі туындаған міндеттемелер бойынша нақты келтірілген зиян мөлшерінде біріккен жауапкершілік көтереді.
22. ҚКФЛ мүшелігіне қабылдау туралы шешім Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған.
23. ҚКФЛ мүшелігіне кіру үшін кандидаттар келесі құжаттарды ұсынуы қажет:
  - 23.1. ҚКФЛ мүшелігіне кіруге ниеті туралы өтініш;
  - 23.2. ҚКФЛ мүшелігіне кіруге ниеті туралы өкілетті басқару органының хаттамасы;
  - 23.3. жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе Қазақстан Республикасындағы электрондық құжат айналымы қағидаларына сәйкес куәландырылған электрондық жарғының қағаздағы көшірмесі;
  - 23.4. заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы анықтама;
  - 23.5. заңды тұлғаның атынан қол қоюға, соның ішінде үшінші тұлғалармен келісім-шарттар жасауға құқықтары бар адамдардың тізімі;

- 23.6. ҚҚФ, ФИФА, УЕФА, ЕЛ, және ҚКФЛ жарғыларын, регламенттерін, ережелері мен шешімдерін мойындау және сақтау туралы міндеттеме;
- 23.7. Лозанна қ. спорт істері бойынша төрелік соттың, ҚФФ-ның заңды органдарының шешімдерін мойындау және орындау туралы міндеттеме;
- 23.8. қолданыстағы ойын Ережелерін сақтау туралы міндеттеме;
- 23.9. жолдастық матчтарды ҚКФЛ хабарландырып, ұйымдастыру және өткізу туралы міндеттеме.
24. ҚКФЛ мүшелері құқылы:
  - 24.1. ҚКФЛ қызметі туралы ақпарат алуға;
  - 24.2. ҚКФЛ басқару органдарына сайлау үшін кандидаттарды ұсынуға
  - 24.3. ҚКФЛ қызметінің мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;
  - 24.4. осы жарғыда көрсетілген тәртіпте Жалпы жиналысының мәжілістеріне қатысуға;
  - 24.5. қолданыстағы заңнамада және осы жарғыда көрсетілген тәртіппен ҚКФЛ-ның құрамынан шығуға;
  - 24.6. ҚКФЛ ұйымдастыратын және өткізетін футбол жарыстарына және басқа шараларға қатысуға;
  - 24.7. осы жарғыға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.
25. ҚКФЛ мүшелері міндетті:
  - 25.1. ҚКФЛ құрылтай құжаттарының, ережелерінің, тәртіптерінің, регламенттерінің, шешімдерінің және өзге де құжаттарының талаптарын сақтауға;
  - 25.2. ҚФФ, ФИФА, УЕФА, және ЕЛ жарғыларының, регламенттерінің, ережелері мен шешімдері, футбол ойын Ережелерінің талаптарын сақтауға;
  - 25.3. Жалпы жиналыспнен бекітілген тәртіпте және мөлшерде мүшелік жарналарды енгізуге;
  - 25.4. құрылтай құжаттарына, қол қоюға құқығына ие, соның ішінде үшінші тұлғалармен келісім-шарттар жасауға құқылы тұлғалардың тізіміне енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтыруларды 5 күнтізбелік күн ішінде енгізілген күннен бастап ҚКФЛ-на жазбаша түрде хабарлауға;
  - 25.5. жолдастық кездесулерді ҚКФЛ хабарландырып, ұйымдастыруға және өткізуге;
  - 25.6. ҚКФЛ өткізетін жарыстарға жеке қатысуға;
  - 25.7. Лозанна қ. спорт істері бойынша төрелік соттың және ҚФФ заңды органдарының және ҚФФ жанындағы Аралық соттың шешімдерін мойындауға және орындауға;
  - 25.8. әділдік, адалдық, спорттық мінез-құлық, бәсекелеске құрмет көрсету қатынасы және адал ойын қағидаларын сақтауға;
  - 25.9. ҚКФЛ қабылдаған шешімдерді жүзеге асыруға;
  - 25.10. осы жарғының, ҚФФ, ФИФА, УЕФА, ЕЛ, және ҚКФЛ регламенттерінің, ережелерінің және шешімдерінің талаптарынан шығатын өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.
26. ҚКФЛ-на мүшеліктің тоқтатылуы:
  - 26.1. ҚКФЛ құрамынан өзінің ықыласы бойынша шығу жолымен;
  - 26.2. ҚКФЛ өткізетін жарыс қатысушыларының құрамынан ҚКФЛ мүшесінің шығып кетуі;
  - 26.3. осы жарғының 28-тармағының ережелеріне сәйкес Жалпы жиналыстың шешімі бойынша мүшені ҚКФЛ құрамынан шығару;
  - 26.4. ҚКФЛ мүшесі заңды тұлға ретінде өз қызметін тоқтатқан кезде тоқтатылуы мүмкін.

27. ҚКФЛ мүшесі өз қалауы бойынша ҚКФЛ құрамынан қаржылық жыл аяқталғаннан кейін шығуға құқылы. Бұл жағдайда ҚКФЛ мүшесі өзі ҚКФЛ-дан шыққанға дейін туындаған ҚФФ міндеттемелері бойынша шыққан кезінен бастап 2 жыл бойына оның өзінің жарнасына бара-бар субсидиарлық жауаптылықта болады.
28. ҚФФ, ФИФА, УЕФА, ЕЛ немесе ҚКФЛ-ның жарғыларын, регламенттерін, ережелерін, шешімдерін бұзған немесе ҚФФ-на материалдық немесе іскерлік атына зиян келтірген іс-әрекет жасаған жағдайда, Жалпы жиналыс мұндай мүшені ҚКФЛ құрамынан шығарып тастау туралы шешім шығаруға құқылы. Шығарылып тасталған ҚКФЛ мүшесіне ҚКФЛ-дан өзінің ықыласымен шығуға қатысты қағидалардағы жауапкершілік қолданылады.
29. ҚКФЛ қызметінің аяқталуы ҚКФЛ-ның барлық мүшелерінің мүшелігі аяқталуына әкеп соғады.

## **7. ҚКФЛ ОРГАНДАРЫ**

30. ҚКФЛ органдары болып табылатындар:
  - 30.1. Жалпы жиналыс - басқарудың жоғарғы органы;
  - 30.2. Президент - басқарудың жеке дара атқарушы органы;
  - 30.3. Вице–президент –атқарушы орган:- алып тастау;
  - 30.4. Атқарушы директор - әкімшілік орган;
  - 30.5. Кеңес - алқалы өкілдік орган;
  - 30.6. Тексеру комиссиясы - бақылаушы орган.
31. ҚКФЛ органының кез келген мүшесі мүдделері қайшы келуі мүмкін мәселелерді қарастыртрудан және осы бойынша шешім қабылдаудан бас тартуға міндетті.

## **8. ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫС**

32. Жалпы жиналыс ҚКФЛ басқаруының жоғарғы органы болып табылады, оның кезекті мәжілістерін Президент бір жылда кемінде бір рет шақырады.
33. Президент ҚКФЛ мүшелеріне Жалпы жиналыстың кезекті мәжілісін өткізу туралы шешімді ол өтетін күннен күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей хабарлайды. Жалпы жиналыстың кезекті мәжілісін күн тәртібіне қосуға арналған барлық мәселелер мен ұсыныстарды, ҚКФЛ-ның мүшелері Жалпы жиналыстың кезекті мәжілісін күнге дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей ҚКФЛ-ның хатшылығына жазбаша түрде жіберуі тиіс.
34. Жалпы жиналыс отырысының шешімі сырттай дауыс беруді өткізу жолымен бетпе-бет жиналыс өткізбестен (ҚКФЛ мүшелерінің бірлесіп қатысуы) қабылдануы мүмкін.
35. Жалпы жиналыстың сырттай отырысы ҚКФЛ мүшелеріне (қатысушыларына) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру нәтижелерін мүшелер жазбаша баяндайтын бюллетеньдерді жіберу арқылы сұрау салу жолымен өткізіледі.
36. Дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдаудың аяқталған күні сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Жалпы жиналыстың отырысын өткізу күні болып табылады.
37. Сырттай дауыс беру нысанында өткізілетін Жалпы жиналыстың отырысына осындай бюллетеньдерді қабылдау мерзімі аяқталатын күнге дейін дауыс беруге арналған бюллетеньдер алынған, оның жұмыс істеп тұрған мүшелері қатысқан болып есептеледі.

38. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар болуға тиіс:
  - 38.1. ҚКФЛ толық атауы және орналасқан жері;
  - 38.2. дауыс беру бюллетеньдерін берудің соңғы күні;
  - 38.3. дауыс беру жүргізілетін мәселелерді тұжырымдау;
  - 38.4. ҚКФЛ Жалпы жиналысының мүшелеріне күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;
  - 38.5. әрқайсысы бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру күн тәртібінің мәселесі.
39. ҚКФЛ-ның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне басшының қолы қойылып, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылуы тиіс. Басшының қолы қойылмаған, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі жоқ бюллетень жарамсыз деп есептеледі.
40. Дауыстарды санау кезінде ҚКФЛ мүшелері бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасын белгілеген мәселелер бойынша дауыстар ғана ескеріледі.
41. Дауыс беру қорытындылары бойынша ҚКФЛ Жалпы жиналысының хатшысы сырттай дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды және оған қол қояды.
42. Сырттай дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін, соның негізінде хаттама жасалған сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдер (онын ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер) хаттамамен бірге тігіледі және ҚКФЛ-да сақталады.
43. Сырттай дауыс беру қорытындылары туралы хаттама ҚКФЛ жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.
44. Президентпен бекітілген Жалпы жиналыстың кезекті мәжілісін алдын ала күн тәртібі ҚКФЛ-ның мүшелеріне оның өтетін күнге дейін 5 күнтізбелік күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс.
45. Жалпы жиналыстың кезектен тыс мәжілісі Президенттің өз бастамасы бойынша, ҚКФЛ мүшелерінің кемінде жартысының талабы бойынша, сондай-ақ ҚКФЛ Тексеру комиссиясының бастамасы бойынша шақырылады. Оны шақыру туралы талапты алған күннен бастап Президент күнтізбелік 20 күннен кешіктірілмейтін мерзімде кезектен тыс мәжілісті өткізу немесе оны өткізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Жалпы жиналыстың кезектен тыс мәжілісін өткізу туралы хабарламаны Президент ҚКФЛ мүшелеріне ол өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірілмейтін мерзімде жібереді және онда күн тәртібі болуы тиіс.
46. ҚКФЛ мүшелері өздерінің Жалпы жиналысқа қатысатынын ол өткізілетін күннен 3 күнтізбелік күннен кешіктірмей, делегаттың деректерін көрсете отырып, жазбаша түрде растауға міндетті.
47. Жалпы жиналыс күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша ғана шешім қабылдайды. Жалпы жиналыс мәжілісінің күн тәртібіне оның жұмысы кезінде жаңа мәселелерді енгізу туралы ұсыныстар ҚКФЛ қатысушы мүшелерінің 3/4 дауысымен енгізілуі мүмкін.
48. Жалпы жиналыстың мәжілістерін Президент жүргізеді. Ол болмаған жағдайда Жалпы жиналыс мәжілісінде делегаттар дауыс көпшілігімен сайлаған тұлға төрелік етеді.



49. Жалпы жиналыстың ерекше құзыретіне мыналар жатады:
  - 49.1. Жалпы жиналыстың кезекті мәжілісін күн тәртібін бекіту;
  - 49.2. ҚКФЛ-ның құрылтай құжаттарын қабылдау, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
  - 49.3. ҚКФЛ ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;
  - 49.4. Президентті сайлау және оның өкілеттілігін тоқтату;
  - 49.5. мүшелік жарналардың мөлшерін және оларды төлеу тәртібін бекіту;
  - 49.6. құзыреттілікті ұйымдастырушылық құрылымды, құрылу тәртібін анықтау және ҚКФЛ басқару органдарының өкілеттіктерін тоқтату;
  - 49.7. атқарушы органдарының қаржылық есептерін ұсыну тәртібі мен мезгілділігін анықтау, сонымен қатар Тексеру комиссиясының тексеруді жүргізу мен нәтижесін бекіту тәртібін анықтау;
  - 49.8. заңнамалық актілерде бекітілген шеңберде ҚКФЛ-ның басқа заңды тұлғаларды құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
  - 49.9. өз филиалдары мен өкілдіктерін құру немесе олардың қызметін тоқтату туралы шешім қабылдау және олардың басшыларын тағайындау және құзыретін тоқтату;
  - 49.10. ҚКФЛ құрамына жаңа мүшелерді кіргізу туралы шешім шығару және ҚКФЛ құрамынан шығарып тастау туралы шешім қабылдау;
  - 49.11. «ҚКФЛ Құрметті қайраткері» атағын беру;
  - 49.12. өз филиалдары мен өкілдіктерінің, сондай-ақ ҚКФЛ алқалы органдарының қызметін реттейтін ережелерді бекіту.
50. Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер ҚКФЛ-ның басқа басқару органдарының шешуіне берілмейді.
51. Жалпы жиналыстың барлық шешімдері қатысқан ҚКФЛ мүшелерінің 3/4 санымен қабылданады.
52. Жалпы жиналысының мәжілісі, егер оған ҚКФЛ мүшелерінің кем дегенде 3/4 бөлігі қатысатын болса, құқылы деп есептеледі.
53. Кворум болмаған жағдайда, Жалпы жиналысының мәжілісі, соның ішінде Кезектен тыс мәжілісі, жобаланған мәжіліс өткізілген уақыттан бастап 24 сағат кейінге қалдырылу мүмкін және де ол сол орында және сол күн тәртібімен өткізілуі қажет. Жалпы жиналысының мәжілісін қайтадан өткізу үшін кворум қажет етілмейді.
54. Жалпы жиналысының шешімдері хаттама нысанында ресімделеді және оған төрағалық етуші мен мәжіліс хатшының қолдары қойылады.
55. Жалпы жиналысының хаттамасы ҚКФЛ мүшелеріне өткізілген күнінен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде жіберілуі керек.
56. ҚКФЛ әрбір мүшесі Жалпы жиналыстың отырысында бір дауысы бар бірінші штаттық басшымен ғана ұсынулы тиіс. ҚКФЛ-ның қатысып отырған мүшелері ғана дауыс беруге құқылы. Бірінші басшының Жалпы жиналыстың отырысына қатысуы мүмкін болмаған жағдайда, ҚКФЛ мүшесі өкілеттігі тиісті актілермен (Ұйымдық құрылым, лауазымдық нұсқаулық, бұйрық және т.б.) расталатын өзге басшы қызметкермен және қажет болған жағдайда Жалпы жиналыстың отырысына қатысу құқығына сенім хатпен ұсынылуы мүмкін. ҚКФЛ-ның қатысып отырған мүшелері ғана дауыс беруге құқылы.

57. ҚКФЛ өзінің мүшелеріне, Жалпы жиналысының жұмысында қатысуға тікелей байланысты шығындарын қоспағанда, оларға жүктелген міндеттерді орындағаны үшін сыйақы төлеуді жүзеге асыруға құқылы емес.
58. Жалпы жиналыспен қабылданған шешімдер олар қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, егер Жалпы жиналыс басқа күнді белгілемесе.
59. Жалпы жиналысы осы жарғыда көзделмеген, сондай-ақ төтенше жағдайлар (форс-мажор) болған кезде, кез келген мәселелер бойынша шешім шығара алады.

## **9. ПРЕЗИДЕНТ**

60. Президент ҚКФЛ қызметіне басшылықты жүзеге асыратын және Жалпы жиналысқа есеп беретін ҚКФЛ-ды басқарудың жеке дара атқарушы органы болып табылады.
61. Президент ҚКФЛ мүшелерінің немесе ҚКФЛ Құрметті қайраткерінің ұсынысы бойынша Жалпы жиналыста (2) екі жыл мерзімге, кейіннен қайта сайлау құқығымен сайланады.
62. Президент болып ҚКФЛ және/немесе ҚФФ ресми лауазымындағы, және/немесе кәсіпқой футбол/спорт клубындағы жалпы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, 70 жасқа толмаған адам сайлана алады.
63. Президентпен жасалынатын еңбек шартына, оны жұмысқа қабылдау және онымен еңбек шартын тоқтату туралы актілерге ҚКФЛ Атқарушы директор қол қояды.
64. Президенті Тәртіптік жауаптылыққа тарту, жұмыстан шеттету Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және ҚКФЛ актілеріне сәйкес Жалпы жиналысында жүзеге асырылады.
65. Президент:
  - 65.1. ҚКФЛ қызметін жалпы басшылықты қамтамасыз етеді;
  - 65.2. ҚКФЛ атынан сенімхатсыз әрекет етеді, ҚКФЛ мүдделерін үшінші тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасы аймағында, сондай-ақ оданда тыс аймақтарда ұсынады, ҚКФЛ-ын сотта, мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда ұсынады;
  - 65.3. Жалпы жиналыстың отырысын шақырады;
  - 65.4. Жалпы жиналыстың кезекті отырысын алдын ала күн тәртібін құрайды және бекітеді;
  - 65.5. Жалпы жиналыстың кезектен тыс отырысын соңғы күн тәртібін құрайды бекітеді;
  - 65.6. Жалпы жиналыстың кезекті отырыстарын өткізуді дайындайды;
  - 65.7. Жалпы жиналыс отырыстарында дауыс беру құқығынсыз төрағалық етеді;
  - 65.8. шешуші дауыс құқығы бар мүшесі болып табылатын барлық ҚКФЛ комитеттері мен комиссияларының мәжілістерінде төрағалық етеді;
  - 65.9. Жалпы жиналыс бекітуіне ҚКФЛ филиалдар мен өкілдіктер басшыларының кандидаттарды ұсынады;
  - 65.10. ҚКФЛ атынан кез келген қызмет мәселелері бойынша келісім-шарттар (контракттарды), келісімдер, меморандумдар жасайды;
  - 65.11. ҚКФЛ комитеттері мен комиссиялардың қызметтерін үйлестіреді;
  - 65.12. ҚКФЛ-дың хабарлама және өкімдік құжаттарына қол қояды;
  - 65.13. ҚКФЛ-дың барлық қызметкерлері үшін міндетті нұсқаулар береді;

- 65.14. Тексеру комиссиясының мүшелерін тағайындайды және өкілеттігін тоқтатады;
- 65.15. Кеңес мүшелерін тағайындайды және өкілеттігін тоқтатады;
- 65.16. Вице-президентті тағайындайды және өкілеттігін тоқтатады;
- 65.17. Атқарушы директорны тағайындайды және өкілеттігін тоқтатады;
- 65.18. Кеңеспен келісім бойынша ҚКФЛ алқалы органдарын құру туралы шешім қабылдайды, олардың төрағалары мен мүшелерін тағайындайды және өкілеттігін тоқтатады;
- 65.19. Кеңеспен келісім бойынша ҚКФЛ даму стратегиясының кандидатураларын бекітеді;
- 65.20. Кеңеспен келісім бойынша ҚКФЛ мүшелері арасында жарыстар өткізуді реттейтін және ҚФФ немесе ҚКФЛ басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған ережелерді бекітеді;
- 65.21. Кеңеспен келісім бойынша ЕЛ және ҚФФ органдарына сайлау үшін кандидатураларды бекітеді;
- 65.22. Кеңеспен келісім бойынша футболдан Қазақстан Республикасының Суперкубогын, футболдан Қазақстан Республикасы Кубогының финалдық матчы, ҚКФЛ мүшелері арасында өткізілетін жарыстардың жеңімпазын анықтау үшін қосымша турнирлер мен матчтарды өткізу орындарын бекітеді;
- 65.23. Кеңеспен келісім бойынша ҚКФЛ және/немесе ҚКФЛ мүшелері арасында өткізілетін белгілі бір жарыстың «ресми добын» бекітеді;
- 65.24. Кеңеспен келісім бойынша ҚКФЛ эмблемасын (символикасын) және басқа да белгілерін бекітеді;
- 65.25. Кеңеспен келісім бойынша ҚКФЛ бюджетін бекітеді;
- 65.26. Кеңеспен келісім бойынша ҚКФЛ жарыстарына қатысушыларына өтінім жарналарының мөлшерін бекітеді;
- 65.27. «ҚКФЛ Құрметті қайраткері» атағын беру үшін кандидатураларды Жалпы жиналысқа бекітуге ұсынады;
- 65.28. осы Жарғыға сәйкес өз құзыретіне кіретін өзге де кандидатуралар мен құжаттамаларды Жалпы жиналысқа бекітуге және/немесе келісуге ұсынады.
- 65.29. Жалпы жиналыспен қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді;
- 65.30. Жалпы жиналыспен тағайындалған өзге де функцияларды орындайды.
66. Президент болмаған жағдайда, оның өкілеттігін Атқарушы директор жүзеге асырады.

## **10. ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ**

67. Вице-Президент Президентпен жалпы жиналысқа есеп беретін, ҚКФЛ-ң атқарушы органы болып табылады.
68. Вице-Президентпен жасалынатын еңбек шартына, оны жұмысқа қабылдау және онымен еңбек шартын тоқтату туралы актілерге Атқарушы директор қол қояды.
69. Вице-президент:
- 69.1. ҚКФЛ атынан сенімхатсыз әрекет етеді, Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тысқары жерлерде де үшінші тұлғалармен қатынастарда ҚКФЛ мүдделеріне өкілдік етеді, сотта, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда ҚКФЛ-ға өкілдік етеді;
- 69.2. ҚКФЛ халықаралық ынтымақтастығын дамытады;

- 69.3. ҚКФЛ мен мемлекеттік органдар / мекемелер арасындағы ынтымақтастықты дамытады;
- 69.4. өткізілетін жарыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы ҚКФЛ даму стратегиясын Кеңеске келісуге ұсынады және оны әзірлеуді үйлестіреді;
- 69.5. өткізілетін жарыстар қатысушыларының қаржылық тұрақтылығы саласындағы ҚКФЛ даму стратегиясын Кеңеске келісуге ұсынады және оны әзірлеуді үйлестіреді;
- 69.6. өткізілетін жарыстардың коммерциялық тартымдылығын жақсарту саласындағы ҚКФЛ даму стратегиясын Кеңеске келісуге ұсынады және оны әзірлеуді үйлестіреді;
- 69.7. ҚКФЛ барлық алқалы органдарының отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қатысады;
- 69.8. Жалпы жиналыс пен Президент тапсырған басқа да функцияларды орындайды.
70. Ол болмаған кезеңде Вице-президентті алмастыру көзделмейді.

## **11. АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОР**

71. Атқарушы директор Жалпы жиналыс пен Президентке есеп беретін ҚКФЛ-дың әкімшілік органы болып табылады.
72. Атқарушы директормен жасалынатын еңбек шартына, оны жұмысқа қабылдау және онымен еңбек шартын тоқтату туралы актілерге Президент қол қояды.
73. Атқарушы директор:
  - 73.1. ҚКФЛ атынан сенімхатсыз әрекет етеді, Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тысқары жерлерде де үшінші тұлғалармен қатынастарда ҚКФЛ мүдделеріне өкілдік етеді, сотта, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда ҚКФЛ-ға өкілдік етеді;
  - 73.2. ҚКФЛ атына келіп түсетін хат-хабарларды есепке алуды және өңдеуді ұйымдастырады;
  - 73.3. ҚКФЛ органдарының отырыстарын өткізуге дайындықты жүзеге асырады;
  - 73.4. алқалы органдар отырыстарында ҚКФЛ мүшелері делегаттарының өкілеттіктерін тексеруді және алқалы органдар отырыстарында белгіленген дауыс беру рәсімін сақтауды жүзеге асырады;
  - 73.5. алқалы органдардың отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қатысады және олардың қызметін үйлестіреді;
  - 73.6. алқалы органдардың хаттамаларын жүргізуді ұйымдастырады;
  - 73.7. отырыстың хатшысы ретінде алқалы органдардың хаттамаларына қол қояды;
  - 73.8. ҚКФЛ органдары қабылдаған шешімдердің орындалуын сақтауды жүзеге асырады;
  - 73.9. Президент бекіткен бюджет шеңберінде ҚКФЛ-дың ақшасы мен мүлкіне билік етеді;
  - 73.10. ҚКФЛ атынан ҚКФЛ қызметінің барлық мәселелері бойынша шарттар (келісімшарттар), келісімдер, меморандумдар жасасады;
  - 73.11. ҚКФЛ-дың барлық ұйымдық-құқықтық, өкімдік, қаржылық және өзге де құжаттарына қол қояды;
  - 73.12. ҚКФЛ банктік шоттарын ашады;
  - 73.13. ҚКФЛ ұйымдық құрылымын және штат кестесін бекітеді;

- 73.14. ҚКФЛ комиссияларын құру туралы актілерді бекітеді, комиссия мүшелерін тағайындайды және олардың өкілеттіктерін тоқтатады;
- 73.15. ҚКФЛ жұмыскерлерін лауазымға тағайындау, оларды ауыстыру және еңбек қатынастарын тоқтату туралы актілер шығарады, көтермелеу және тәртіптік жаза шараларын қолданады;
- 73.16. ҚКФЛ жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
- 73.17. ҚКФЛ мүшелері арасында өткізілетін жарыстарда пайдаланылатын құжаттаманың үлгілерін (матч хаттамасы, ҚКФЛ матчтары делегатының нұсқаулығы, өтінім парағы, жарысқа қатысушының өтініші, кәсіби футбол клубының сауалнамасы, ойыншының сауалнамасы және т. б.) бекітеді;
- 73.18. ҚКФЛ матчтары делегаттарының тізімін бекітеді;
- 73.19. ҚКФЛ мүдделеріне өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді, актілер шығарады және барлық жұмыскерлер үшін міндетті нұсқаулар береді;
- 73.20. ҚКФЛ Жалпы жиналысы мен Президенті тапсырған басқа да функцияларды орындайды.
- 74. Атқарушы директор болмаған жағдайда оның өкілеттігін оның өзі тағайындайтын тұлға жүзеге асырады.

## **12. КЕҢЕС**

- 75. Кеңес мүшелерін Президент тағайындайтын ҚФЛ алқалы өкілді органы болып табылады. Кеңес отырыстарын Президент кемінде үш айда бір рет шақырады.
- 76. Кеңес мыналардан тұрады 7 (жеті) мүше: Президент; 6 (алты) клуб өкілдері (клубтардың бірінші басшылары).
- 77. Кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі 2 (екі) жылды құрайды. Егер Кеңес мүшесі клубпен еңбек қатынастарын тоқтатқан жағдайда, осы Кеңес мүшесін Президент қайта тағайындауға тиіс.
- 78. Кеңес қызметінің регламенті Жалпы жиналыс бекітетін «ҚКФЛ Алқалы органдары туралы ережеге» сәйкес айқындалады.
- 79. Кеңестің құзыретіне мыналар жатады:
  - 79.1. ҚКФЛ мүшелерін лицензиялау (сертификаттау) жөніндегі қағидаларды, ойындардың регламенттері мен күнтізбелерін, сондай-ақ ҚКФЛ мүшелері арасында өткізілетін және кейіннен ҚФФ уәкілетті органдарының бекітуіне жататын жарыстардың өзге де ережелерін келісу;
  - 79.2. ҚКФЛ алқалы органдары мүшелерінің өкілеттіктерін құруды және тағайындауды / тоқтатуды келісу және оларды Президентке бекітуге ұсыну;
  - 79.3. ҚКФЛ даму стратегияларын келісу және оларды Президентке бекітуге ұсыну;
  - 79.4. ЕЛ, ҚФФ органдарына сайлау үшін ҚКФЛ кандидатураларын келісу және оларды Президентіне бекітуге ұсыну;
  - 79.5. футболдан Қазақстан Республикасының Суперкубогын, футболдан Қазақстан Республикасы Кубогының финалдық матчын, ҚКФЛ мүшелері арасында өткізілетін жарыстардың жеңімпазын айқындау үшін қосымша турнирлер мен матчтарды өткізу орындарын келісу және оларды Президентіне бекітуге ұсыну;
  - 79.6. ҚКФЛ-дың «ресми добын» және/немесе ҚКФЛ мүшелері арасында өткізілетін белгілі бір жарысты келісу және оны Президентіне бекітуге ұсыну;
  - 79.7. ҚКФЛ эмблемасын (символикасын) және басқа да белгілерін келісу және оларды Президентіне бекітуге ұсыну;

- 79.8. ҚКФЛ бюджетін келісу және оны Президентіне бекітуге ұсыну;
- 79.9. ҚКФЛ құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды келісу және оларды Жалпы жиналысқа бекітуге ұсыну;
- 79.10. Жалпы жиналыс қабылдаған шешімдердің орындалуын сақтау;
- 79.11. Жалпы жиналыс тапсырған басқа да функциялар.

### **13. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

- 80. ҚКФЛ-ның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды Тексеру комиссиясы жүзеге асырады, оның мүшелерін Президент 2 (екі) жыл мерзімге сайланады.
- 81. Тексеру комиссиясының құрамы 3 мүшеден тұрады.
- 82. ҚКФЛ-ның қаржы-шаруашылық қызметіне тексерістер жүргізу тәртібі Жалпы жиналыспен айқындалады.
- 83. Тексеру комиссиясы ҚКФЛ-ның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша қорытынды жасайды, бұл қорытынды Жалпы жиналысының бекітілуіне ұсынылу қажет.
- 84. Тексеру комиссиясы Жалпы жиналысқа есеп береді.

### **14. АЛҚАЛЫ ОРГАНДАР**

- 85. ҚКФЛ жарыстары мен өзге де іс-шараларын дайындауға және өткізуге жәрдемдесу үшін, сондай-ақ ҚФФ, ФИФА, УЕФА, ЕЛ және ҚКФЛ органдары немесе бөлімшелері қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету үшін ҚКФЛ-да алқалы органдар құрылуы мүмкін.
- 86. Алқалы органдарды құру, құрамы, мүшелерінің өкілеттік мерзімі туралы шешімді Кеңеспен келісім бойынша Президент бекітеді.
- 87. Алқалы органдар қызметінің регламенті Жалпы жиналыс бекітетін «ҚКФЛ Алқалы органдары туралы ережеге» сәйкес айқындалады.

### **15. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖЫЛ**

- 88. ҚКФЛ қаржы жылы 01 қаңтардан басталып, ағымдағы қаржы жылына сәйкес келетін 31 желтоқсанда аяқталады.

### **16. МҮЛІК**

- 89. ҚКФЛ меншік иелігінде, ҚКФЛ жарғымен көрсетілген қызметті материалдық қамтамасыз ету үшін қажетті мүлік, сондай-ақ өз қаражаттар есебімен құрылған ұйымдар болуы мүмкін.
- 90. ҚКФЛ меншігінде: жер учаскелері, ғимараттар, құрылымдар, құрылмалар, бөлмелер, тұрғылықты қор, дене шынықтыру және мәдени мақсаттағы мүлік, жабдықтар, құрал-саймандар, бағалы қағаздар, ақша-қаражаттар, көлік құралдары және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен негіз бойынша алынған өзге де мүлік болуы мүмкін.
- 91. ҚКФЛ-ның мүлкін құрайтын қайнар көздері:
  - 91.1. ҚКФЛ мүшелерінен түскен түсімдер, оның ішінде ҚКФЛ өткізетін жарыстарға қатысуға арналған өтінімдік жарналар;
  - 91.2. ерікті мүліктік жарналар, қайырлық, демеушілік, қайырымдылық және ізгілікті жәрдем, соның ішінде шетел ұйымдарынан;

- 91.3. заңнамада белгіленген жағдайларда тауарлар сатудан, жұмыстардан, қызмет көрсетуден түскен түсімдер (табыс);
- 91.4. акциялардан, облигациялардан, басқа да бағалы қағаздар мен салымдардан (депозиттерден) түсетін дивидендтер (табыс, сыйақы (мүдде));
- 91.5. ҚКФЛ-ның кәдесыйларды және басқа да атрибутикаларды сатудан түскен түсімдер;
- 91.6. ҚФФ, ФИФА, УЕФА және ЕЛ-дан түскен түсімдер;
- 91.7. басқа да заңнамамен тиым салынбаған түсімдер.
- 92. ҚКФЛ әрекетінен түскен кіріс және өзге де ақша түсімдері, ҚКФЛ мүшелері арасында бөліне алмайды және жарғылық мақсаттарына жетуіне ғана бағытталады.
- 93. ҚКФЛ келесі шығындарды жүзеге асырады:
  - 93.1. ҚКФЛ бюджетімен белгіленген шығындар;
  - 93.2. Жалпы жиналыспен бекітілген шығындар;
  - 93.3. ҚКФЛ жарғылық мақсаттарына жетуге арналған басқа да шығындар.

### **17. ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 94. ҚКФЛ және оның мүшелері футбол қызметінің барысында пайда болатын шиеленістерді қарастыру ҚФФ, ФИФА, УЕФА және ЕЛ бекіткен тәртібін мойындайды.
- 95. ҚКФЛ мүшелері арасында өткізілетін жарыстардың коммерциялық құқықтарына қатысты мәселелер ҚФФ мен ҚКФЛ арасында реттеледі.

### **18. ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

- 96. ҚКФЛ-ның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар Жалпы жиналысының шешімімен ғана енгізілу мүмкін.
- 97. ҚКФЛ-ның құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, әділет органдарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес тіркелуге тиіс.

### **19. ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

- 98. ҚКФЛ қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту немесе өзге нысана жолымен Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген тәртіпте қайта ұйымдастырылу мүмкін.
- 99. ҚКФЛ ерікті түрде (Жалпы жиналысының шешімімен) немесе мәжбүрлі түрде (сот шешімімен) Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген негізде және тәртіпте таратылуы мүмкін.
- 100. Жалпы жиналыс ҚКФЛ-ны тарату туралы шешім қабылдаған кезде, Жалпы жиналыс бұл туралы ҚКФЛ тіркеген әділет органына шапшаң жазбаша түрде хабарлауға, тарату комиссиясын тағайындауға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тарату тәртібі мен мерзімін белгілеуге міндетті. Тарату комиссиясы тағайындалған күнінен бастап оған ҚКФЛ мүлігін және іс-әрекетін басқару бойынша өкілеттілік беріледі.
- 101. ҚКФЛ таратылған кезде несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік, ҚКФЛ мүшелері арасында бөлінуге жатпайды және жарғылық

- мақсаттарға сәйкес жұмсалыу немесе Жалпы жиналысының шешімі бойынша ҚКФЛ сияқты мақсаттарды көздейтің коммерциялық емес ұйымға берілуі қажет.
102. Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімге мәліметтер енгізілгеннен кейін ҚКФЛ-ның таратылуы аяқталған, ал ҚКФЛ жұмыс істеуі тоқтатылған болып есептеледі.

## 20. ҚКФЛ ҚҰРМЕТТІ ҚАЙРАТКЕРІ

103. «ҚКФЛ Құрметті қайраткері» атағын ҚКФЛ Жалпы жиналысы ҚКФЛ Президентінің немесе мүшесінің ұсынысы бойынша қазақстандық кәсіпқой футболдың ұйымдық негіздерін дамытуға, танымал етуге және жетілдіруге елеулі үлес қосқан тұлғаларға бере алады.
104. ҚКФЛ Құрметті қайраткері:
- 104.1. ҚКФЛ Жалпы жиналысының мәжілісіне дауыс беру құқығынсыз қатысады;
- 104.2. ҚКФЛ комитеттері мен комиссияларының мәжілістіріне кеңесші дауыс құқығымен қатысады;
- 104.3. Жалпы жиналыстың бекітуіне ҚКФЛ Президентінің кандидатурасын ұсынады.

АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОР



Е. Ли



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ  
МИНИСТРЛІГІ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ  
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАРЛЫҚ  
НӨМІРЛЕНГЕНІ,  
ТІРКЕЛГЕНІ**

20 23 ж. «01» 08 айының 16 күні

Барлық нөмірленгені және тіркелгені  
Ветеринарлық және ветеринарлық  
процедураларына қатысты  
16 листон

*А.А.А.*

